ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ШЕТ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«НҰРДӘУЛЕТ» БӨБЕКЖАЙЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

# БҰЙРЫҚ

02. 09. 2025

Аксу-Аюлы ауылы

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЁННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЯСЛИ-САД «НҰРДӘУЛЕТ»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ШЕТСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

# ПРИКАЗ

№ 1-17/96

село Аксу-Аюлы

**КМҚК«Нұрдәулет»**

**бөбекжайының**

**Қамқоршылық кеңесін құру туралы.**

«Білім туралы» ҚР Заңының 44-бабының 9-тармағы негізінде

**БҰЙЫРАМЫН:**

1.КМҚК»Нұрдәулет» бөбекжайында мемлекеттік емес,қоғамдық ұйым болып саналатын Қамқоршылық кеңес құрылсын.

2.Қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілсін(1 қосымша)

3. Қамқоршылық кеңестің жұмысында Қазақстан Республикасы заңнамасын,Қамқоршылық кеңес жұмысының және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін,сонымен қатар КМҚК»Нұрдәулет» бөбекжайының жарғысын басшылыққа алу.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Негізі:**2016 ж.30 желтоқсан №3-18-5/4361-И Қазақстан Республикасы Білім және министрлігі Балалардың Құқықтарын қорғау комитетінің хаты, 2017 жылғы 27 шілдедегі№355 бұйрығына Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы.

Директор : С.Х. Хантурина

**Қамқоршылық кеңестің**

**құрамын бекіту туралы**

1.Қамқошылық кеңестің құрамы бекітілсін:

1) Төрайымы- Нильдибаева Рая Нуртаевна- Педагогикалық еңбек ардагері

2)Хатшысы-Мактабек Шолпан Тлеухановна:-бөбекжай шаруа меңгерушісі.

3) Кеңес мүшелері :- (РОВД) Жақыпбеков Ербол Аманболұлы ;

4)Толеккенова Баян Самбетовна.-жергілікті өкілдік орган;

5)Жосалбай Салтанат .Туякбайкызы.-бұқаралық ақпараттық құралдарының өкілі;

6)Агзамова Гульжан Жанатовна.-ата-анардың өкілі;

7)Тлеуберлин Ернур Талгатович.-ата-аналардың өкілі.

**КМҚК «Нұрдәулет»бөбекжайының Қамқоршылық кеңесінің**
**2025 – 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

| № | Іс-шаралар | Мерзімдер | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| | **1. Ұйымдастыру жұмысы** | | |
| 1.1 | **Қамқоршылық кеңестің №1 жалпы жиналысы**<br>1. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355-бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56-бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібімен танысу. Қамқоршылық кеңестің алдыңғы оқу жылы үшін есебі.<br>2. Қамқоршылық кеңестің құрамын қалыптастыру.<br>3. Қамқоршылық кеңестің 2025 – 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.<br>4. Ерікті жарналар қаражатын пайдалану бағыттары мен тәртібін айқындау.<br>5. Мектепке дейінгі ұйымды 2025 – 2026 оқу жылының қысқы кезеңіндегі жұмысқа дайындау туралы. | Қазан | Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1.2 | **Қамқоршылық кеңестің №2 жалпы жиналысы**<br>1. КМҚК «Нұрдәулет»бөбекжайының дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында Мектепке дейінгі ұйымның 2025–2026 оқу жылына арналған Даму бағдарламасы және жылдық жұмыс жоспарымен танысу.<br>2. Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау, ұйымдастыру және өткізу.<br>3. Тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.<br>4. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау. | Желтоқсан | Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері |
| 1.3 | **Қамқоршылық кеңестің №3 жалпы жиналысы**<br>1. Наурызнаманы мерекелеуге дайындық, ұйымдастыру және өткізу.<br>2. МДҰ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру.<br>Көгалдандыру бойынша еріктілер жұмысын ұйымдастыру, «Жасыл табиғат» челленджіне қатысу.<br>3. Мектеп жасына дейінгі балалар және ата-аналармен бірге «Эко-десант» ұйымдастыру.<br>4. МДҰ-да «Кітап оқуды» ұйымдастыру және өткізу, топтарда кітап бұрыштарын жабдықтау. | Наурыз | Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері |
| 1.4 | **Қамқоршылық кеңестің №4 жалпы жиналысы**<br>1. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу.<br>2. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңестің қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.<br>3. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің немесе облыстың (аудандық/қалалық) Білім басқармасына Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымның жұмысынан анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу. | Мамыр | Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері |

## 2. Қаржы-қайырымдылық қызметі

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2.1 | Мектепке дейінгі ұйым жанынан қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасын бақылау шотын ашу. | Қыркүйек | Қамқоршылық кеңестің төрағасы, бухгалтер |
| 2.2 | Мектепке дейінгі ұйымға қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлуге қатысу. | ақшалай қаражаттың түсуіне қарай | Қамқоршылық кеңестің мүшелері |
| 2.3 | Қайырымдылық көмек көрсетуге, мектепке дейінгі ұйымның МТБ дамыту және нығайту үшін демеушілерді тарту. | тұрақты негізде | Қамқоршылық кеңестің мүшелері |
| 2.4 | Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдерді мынадай мақсаттарға нысаналы жұмсау:<br>- мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау;<br>- мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жетілдіру;<br>- дарынды балаларды қолдау;<br>- заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру. | тұрақты негізде | Қамқоршылық кеңестің мүшелері |
| 2.5 | Мектепке дейінгі ұйымның интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек құралдарын пайдалану және олардың қозғалысы жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету. | қаржылық жылының қорытындысы бойынша | Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі |
| | **3. Бақылау** | | |
| 3.1 | Тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтары сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру, олардың құқықтарын қорғауға, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктің физикалық, психикалық және өзге де түрлерінен қорғауға жәрдемдесу. | тұрақты негізде | Қамқоршылық кеңестің мүшелері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3.3 | Санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын, тамақтану сапасын, ауыз су режимін, мектепке дейінгі ұйымның іргелес аумағының жай-күйін бақылау мониторингімен танысу. | тоқсанына бір рет | Қамқоршылық кеңестің мүшелері |
| 3.4. | Қиын өмірлік жағдайға тап болған тәрбиеленушілерге қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін мектепке дейінгі ұйымның шотына түсетін демеушілік қаражаттың жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру. | тоқсанына бір рет | Қамқоршылық кеңестің мүшелері |
| 3.5. | Мектепке дейінгі ұйымның қызметі, оның ішінде мемлекеттік қызметті сапалы ұсыну, жұмыс қорытындылары, қайырымдылық көмек қаражатын пайдалану туралы меңгерушінің есебін тыңдау. | жылына екі реттен кем емес | МДҰ меңгерушісі |

**4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметінің мәселелері бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың іс-шараларына, конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысу**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4.1 | «Қамқорлық» қайырымдылық акциясын өткізу, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын отбасылардан шыққан тәрбиеленушілерге көмек көрсетуді ұйымдастыруға жәрдемдесу. | Қыркүйек | Қамқоршылық кеңестің мүшелері |
| 4.2 | ҚР ОАМ және Білім басқармасының, қалалық/аудандық білім бөлімдерінің жоспарларымен бекітілген әртүрлі байқаулар, олимпиадалар мен көрмелердің жеңімпаздарын көтермелеу | жыл бойы | Қамқоршылық кеңестің мүшелері |
| 4.3 | Қамқоршылық кеңестің облыстық, республикалық форумы | ҚР ОАМ жоспары бойынша | Қамқоршылық кеңестің төрағасы |
| 4.4 | ҚР Тәуелсіздік Күнін мерекелеу жөнінде дайындыққа қатысу | Желтоқсан | Қамқоршылық кеңестің мүшелері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4.5 | Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын отбасылардан шыққан тәрбиеленуші балаларға арналған жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру | Желтоқсан | Қамқоршылық кеңестің мүшелері, МДҰ әкімшілігі |
| 4.6. | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-ұимыл шараларын ұйымдастыру | МДҰ жоспары бойынша | Қамқоршылық кеңестің мүшелері |
| 4.7. | Ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге анонимді сауалнама өткізу арқылы мектепке дейінгі ұйымдағы оқыту жағдайларына қанағаттану дәрежесіне мониторинг жүргізу | жылына 1 рет | Қамқоршылық кеңестің мүшелері |
| 4.8 | Халықаралық Отбасы күні. | Мамыр | Қамқоршылық кеңестің мүшелері |
| 4.9 | Ата-аналар жиналыстарына, қоғамдық тыңдауларға қатысу | жылына 4 рет | Қамқоршылық кеңестің мүшелері, МДҰ әкімшілігі |

**КМҚК«Нұрдәулет » бөбекжайының**

**ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ**
**№1 ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілген күні:** «15» қазан 2025 жыл

**Қатысты:** 9 адам

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. КМҚК«Нұрдәулет » бөбекжайының 2026–2027 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны бөбекжайда сайлау тәртібімен таныстыру.
   Қамқоршылық кеңестің алдыңғы оқу жылы үшін есебі.
2. Қамқоршылық кеңестің құрамын қалыптастыру.
3. Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
4. Ерікті жарналар қаражатын пайдалану бағыттары мен тәртібін айқындау.
5. КМҚК«Нұрдәулет » бөбекжайының 2025–2026 оқу жылының қысқы кезеңіндегі жұмысқа дайындау туралы.

**МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫ**

**1.Бірінші мәселе бойынша:**

**Тыңдалды:** Бөбекжай меңгерушісі Хантурина С.Х сөз алып.

Қатысушыларды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырды.

Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты – мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілеріне қолайлы жағдай жасауға, ұйымның қызметін жетілдіруге, ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ету екендігі түсіндірілді.

Меңгеруші Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттеріне, кеңес жұмысының негізгі бағыттарына тоқталды.

Сонымен қатар алдыңғы оқу жыл есебін Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Нильдибаева Р.Н берді.Жыл сайын жұмыс жоспар бойынша Қамқоршылық кеңес жиналып жұмыстар жүргізілетінің айтып берді .

2. **Екінші мәселе бойынша:**

Қамқоршылық кеңес құрамына ата-аналар, жергілікті атқарушы органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және басқа да ұйымдардың өкілдері 2023 -2024 оқу жылынан бастап жұмыс жоспар бойынша аткарып келе жатқаны айтылды.Құрамы өзегіссіз жұмыс аткаратыны шешілді.Қамқоршылық кеңес құрамы қалыптасып жұмыс аткаруда.

Қатысушылар тарапынан ұсыныстар тыңдалды.

**3.Үшінші мәселе бойынша:**

**Тыңдалды:** «Күншуақ» тобының ата-анасы Агзамова Г.Ж. сөз сөйледі.

Қамқоршылық кеңесінің жұмысына көнілі толатынын жеткізді.

Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді.

**4.Төртінші мәселе бойынша:**

**Тыңдалды:** Бөбекжай әдіскері Орымбай А.А. сөз алып: Ерікті жарналар қаражатын пайдалану бағыттары мен тәртібін айқындау туралы айтсақ ауылдық жерде бала кезімнен балабақшада жұмыс аткарып келемін бірде-бір мердігерлер,кәсіпкерлер осы балабақшаға деп қаражат бергенін көрмедім.Ата-аналар өз балаларына тиісті заттар ғана әкеледі.

**5.Бесінші мәселе бойынша:**

**Тыңдалды:** Бөбекжай меңгерушісі Хантурина С.Х сөз алып КМҚК«Нұрдәулет » бөбекжайының 2025–2026 оқу жылының қысқы кезеңіндегі жұмысқа дайындығы жақсы

Ертеде пештер тозып жылыту температурасын өз қалауына реттеуге болмайтын,пештер істен шығып,сулары ағып кететін ,2022,2023 жылдары қатарынан екі диз.пешті жанадан ауыстырдық.Солярка жылдағыдай ойнатылып 20 тонна алуға келісім-шарт жасалып қойды.Мердігеріміз әкеліп өзі жеткізіп береді.

Биылғы қыста алансыз ,жақсы өтеміз деп ойлаймын.

**ШЕШІМ:**

**1.** Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары басшылыққа алынсын.

**2.** Қамқоршылық кеңестің жұмыс құрамы қалыптастырылсын.

**3.**Қамқоршылық кеңестің жұмысы бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілсін.

**4.** Ерікті жарналар қаражаты түскен жағдайда пайдалану бағыттары мен тәртібін ашық көрсетіліп жасалсын.

**5.** КМҚК«Нұрдәулет » бөбекжайынын 2025–2026 оқу жылының қысқы кезеңіндегі жұмысына дайын болсын.

**Төрайым:** /Нильдибаева Р.Н./

**Хатшы:** /Мақтабек Ш.Т./

КМҚК«Нұрдәулет » бөбекжайының

**ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ**
**№2ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілген күні:** «10» желтоқсан 2025 жыл

**Қатысты:** 9 адам

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. КМҚК«Нұрдәулет » бөбекжайының дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында 2025-2026 оқу жылына арналған Даму бағдарламасы және жылдық жұмыс жоспарымен танысу.
2. Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау,ұйымдастыру және өткізу.
3. Тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.
4. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттарын,нысандарын,мөлшері мен тәртібін айқындау.

**МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫ**

**1.Бірінші мәселе бойынша:**

**Тыңдалды:** Бөбекжай меңгерушісі Хантурина С.Х сөз алып.Бөбекжайдың Даму бағдарламасының негізі бағыттары,мақсаты мен міндеттері туралы баяндады

Даму бағдаламасы бөбекжай қызметін жетілдіруге,тәрбиеленушілерге сапалы тәрбие мен білім беруге, қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптасуға, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және ата-аналармен тиімді ынтымақтастық орнатуға бағытталғаны түсіндірілді.

Бағдарламада материалдық-техникалық базасын нығайту, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін дамыту,педагогтардың сапалық құрамын көтеру,тәрбиелік жұмыстың сапасын арттыру және заманауи педагогикалық тәсілдерді енгізу мәселелеріне басымдық берілгені атап өтілді.

2. **Екінші мәселе бойынша:**

Бөбекжай әдіскері Орымбай А.А. сөз алып,балаларды Жаңа жылдық мерекеге дайындау жұмыстары туралы баяндады.

Балалардың жас ерекшелігіне орай мерекелік іс-шараға дайындық жүргізу,тақпақтар мен әндерді үйрету,би қимылдарын меңгерту ,безендіру жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері қаралды

Музыка жетекешісі Тулепбергенов Қ.Т. Жаңа жылдық мерекелік іс-шараның сценарийімен таныстырды..

**3.Үшінші мәселе бойынша:**

**Тыңдалды:** Бөбекжай меңгерушісі Хантурина С.Х. балалардың денсаулығы мен дұрыс өсуі үшін тиімді тамақтануды ұйымдастырудың маңызы туралы баяндады Балалардың жас ерекшеліктеріне, денсаулық жағдайына және физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес теңгерімді тамақтануды қамтамасыз ету қажеттігі айтылды.Ас мәзірінде ақуызға,дәрумендерге,минералдарға және басқа да пайдалы қоректік заттарға бай тағамдардың болуы керектігі түсіндірілді.

Медицина қызметкері Тажибекова Г.А. соз алып,балалардың тамақтануы кезінде санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау және оңтайлы жағдай жасау туралы ақпарат берді.

**4.Төртінші мәселе бойынша:**

**Тыңдалды:** Бөбекжай директоры Хантурина С.Х. бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын нығайтудың маңызы туралы баяндады.Білім беру процесін сапалы ұйымдастыру,тәрбиеленушілерге қауіпсіз әрі қолайлы жағдай жасау үшін топ бөлмелерін,ойын алаңдарын ,ас блогын,мед, кабинетті және басқа да қажетті орындарды тиісті жабдықтармен қамтамасыз ету қажеттігі айтылды.

Қамқоршылық мүшесі Жосалбай С.Т. соз алды.Бөбекжай каражатты мынадай бағыттарға пайдалану ұсынылды:-топ бөлмелеріне қажетті жихаздар мен жабдықтар сатып беруді,ойыншықтар,әдістемелік құралдар,ойын аландарын жабдықтау,кір жуатын бөлмеге-кір машина алып беруді ,бөбекжай аумағына абаттандыру жұмыстарын жүргізуді ұсынды..

**ШЕШІМ:**

**1** Қамқоршылық кеңес мүшелері Даму бағдарламасын іске асыруға өз құзіреті шегінде қолдау көрсетсін.

**2.** Жаңа жылдық мерекені өткізу кезінде Қауіпсіздік талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін..

**3.**Тамақтану уақыты күн тәртібіне сәйкес қатаң сақталсын.

**4.** Қажетті тауарлар жабдықтар мен материалдық тізбесі бөбекжайдың нақты қажеттіліктеріне сәйкес жасалсын.

**Төрайым:** /Нильдибаева Р.Н./

**Хатшы:** /Мақтабек Ш.Т./

**КМҚК«Нұрдәулет » бөбекжайының**

**ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ**
**№ 3 ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілген күні:** «19» наурыз 2026 жыл

**Қатысты:** 13 адам

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Наурызнаманы мерекелеуге дайындық,ұйымдастыру және өткізу.
2. Бөбекжайдың абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру.Көгалдандыру бойынша еріктілер жұмысын ұйымдастыру,»Жасыл табиғат»челленджіне қатысу.
3. Мектеп жасына дейінгі балалар және ата-аналармен бірге !Эко –десант» ұйымдастыру.
4. Бөбекжайда «Кітап оқуды» ұйымдастыру және өткізу,топтарда кітап бұрыштарын жабдықтау.

**МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫ**

**1.Бірінші мәселе бойынша:**

**Тыңдалды:** Бөбекжай меңгерушісі Хантурина С.Х сөз алып,Ұлыстың ұлы күні –Наурыз мерекесіне орай ұыймдастырылатын іс-шаралардың жоспары туралы таныстырды.Наурыз мерекесін бірлесіп өткізу бөбекжай мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететіні айтылды. Ата-аналарға ұлттық киімдер,қолөнер бұйымдары мен көрме ұйымдастыруға және ұлттық ойындарды өткізуге қолдау көрсету ұсынылды.

Бөбекжай әдіскері Орымбай А.А.,Бөбекжай аумағы мен топ бөлмелерін ұлттық бұйымдар көрмесін ұйымдастыру ,ұлттық ойындар өткізу, балалардың ән,би ,тақпақтарын дайындау мәселелері талқыланды.

2. **Екінші мәселе бойынша:**

**Тыңдалды:** Бөбекжайдың шаруа меңгерушісі Садыкова Н.А. сөз алып,бөбекжай аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру туралы баяндады.

Көктемгі кезеңде бөбекжай аумағын тазарту,гүлзарларды ретке келтіру,ағаштар мен бұталарды күтін-баптау,гүл және өсімдік көшеттерін отырғызу жұмыстарын жүргізу қажеттігі айтылды.

Челлендждің мақсаты-қоршаған ортаны қорғау,табиғатты аялау,көгалдандыру жұмыстарын насихаттау және тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру екені айтылды.

Бөбекжай әдіскері Рымбай А.А. балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес»Табиғатты аялайық»,»Таза аула»,»Гүлдер әлемі» сияқты экологиялық жұмыстар ұйымдастыру мәселесі талқыланды.

**3.Үшінші мәселе бойынша:**

**Тыңдалды:** Бөбекжай меңгерушісі Хантурина С.Х .тәрбиеленушілер мен ата-аналардың қатысуымен»Эко-десант»ұйымдастыру туралы баяндады.

»Эко-десанттың »негізгі мақсаты-балаларға табиғатты қорғау,коршаған ортаны таза ұстау,өсімдіктерге қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастыру,сондай –ақ бөбекжай мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту екені атап отілді.

Іс-шара барысында бөбекжай аумағын тазалау,қоқыстарды жинау,гүлзарларды ретке келтіру,ағаштар мен бұталарды күтіп-баптау,гүл көшеттерін отырғызу және аумақты көркейту жұмыстары жоспарланды.

Әдіскер Орымбай А.А.. соз алып,балалардың іс-шараға қатысуы олардың жас ерекшеліктеріне сай,қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып ұйымдастырылатыны айтылды.

**4.Төртінші мәселе бойынша:**

**Тыңдалды:** Бөбекжай әдіскері Орымбай А.А « кітап оқуды» ұымдастыру және өткізу туралы баяндады. Кітап оқу балалардың сөздік корын молайтады,байланыстырып сөйлеуін дамытуға,қиялын жетілдіруге,тындау мәдениетін қалыптастыруға,адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге ықпал ететіні атап өтілді.

Бөбекжайда жас ерекшеліктеріне сәйкес ертегілер,тақпақтар, санамақтар, жұмбақтар әдебиеттерді оқу жоспарланды.

«Кітап оқу» жұмыстары күнделікті тәрбие-білім беру процесімен байланыстырыла отырып ұйымдастырылатыны айтылды.

Кітап бұрыштары жасалған әр топта ,балаларға қол жетімді,онда жас ерекшеліктеріне сай кітаптар бар.

**ШЕШІМ:**

**1** Қамқоршылық кеңес мүшелері мерекелік іс-шараны ұйымдастыруға өз мүмкіндеріне карай қолдау көрсетсін..

**2** Аумақты тазалау,гүлзарларды ретке келтіру және көгалдандыру жұмыстары ұйымдастырылсын,ұжым « Жасыл табиғат« челленджіне белсенді қатыссын.

Экологиялық бағыттағы жұмыстар бөбекжайдың тәрбие процессімен ұштастырылып жүргізілсін.

**3.** Балаларға өткір,қауіпті және ауыр заттарды ұстауға жол берілмесін.

**4.** Ата-аналардан міндетті түрде қаражат жинауға немесе кітап сатып алуды талап етуге жол берілмесін.

**Төрайым:** /Нильдибаева Р.Н./

**Хатшы:** /Мақтабек Ш.Т./

**КМҚК«Нұрдәулет » бөбекжайының**

**ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ**
**№ 4 ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілген күні:** «13» мамыр 2026 жыл

**Қатысты:** 10 адам

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1.Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу.

2.Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңестің қаражатын пайдалану бағыттарын ,нысандрын,мөлшері мен тәртәбән айқындау.

3.Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің немесе ауданның Білім басқармасына Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымның жұмысынан анықталған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу.

**МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫ**

**1.Бірінші мәселе бойынша:**

**Тыңдалды:**

Бөбекжай әдіскері Орымбай А.А., Жазғы сауықтыру кезеңінің негізі мақсаты-тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту,дене белсенділігін арттыру,таза ауада болуын қамтамасыз ету,шынықтыру шараларын ұйымдастыру және жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру екені атап өтілді.

Жаз мезгілінде балалардың күн тәртібі олардың жас ерекшеліктеріне ,ауа райы жағдайына және санитариялық талаптарға сәйкес ұйымдастырылатыны айтылды.

Қамқоршылық кеңес төрайымы Нильдибаева Р.Н,балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ата-аналармен бірлескен жұмыстарды ұйымдастырудың маңызы туралы айтты

Жазғы кезеңде балалардың күн тәртібін сақтау,дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету ,күн сәулесінен қорғану,жеткілікті мөлшерде су ішуі және жеке бас гигиенасын сақтау маңызды екені атап өтілді...

2. **Екінші мәселе бойынша:**

**Тыңдалды:** Бөбекжайдың меңгерушісі Хантурина С.Х.. сөз алып,бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын нығайту қажеттілігі туралы баяндады.

**Бөбекжайдың оқу**-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру,тәрбиеленушілерге қолайлы әрі қауіпсіз жағдай жасау мақсатында жиһаздарды, ойын,және оқу құралдарын, шаруашылық мүліктеорін,қауіпсіздік құралдарын,медициналық және санитариялық жабдықтарды толықтыру қажеттігі айтылды.Қамқоршылық кеңесінің қаражаты тек бөбекжайдын материалдық-техникалық базасын нығайтуға,

тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен жайлы жағдайын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс екені атап өтілді.

**3.Үшінші мәселе бойынша:**

**Тыңдалды:** Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Нильдибаева Р.Н. бөбекжай қызметін зерделеу барысында анықталған кемшіліктер туралы баяндадаы.

Зерделеу нәтижесінде бөбекжайдың материалдық-техникалық базасына,тәрбиеленушілердің қауіпсіздігіне,санитариялық-гигиеналық жағдайына ,оқу-процесін ұйымдастыруға,құжаттаманы жүргізуге және ата-аналармен кері байланыс орнатуға қатысты бірқатар кемшіліктер анықталғаны айтылды.

1Ата-аналарға бөбекжай қызметі,анықталған мәселелер және оларды шешу барысы туралы ақпараттың жеткіліксіз берілуі.

2.Топ бөлмелеріндегі кейбір жиһаздардың тоуы және жаңартуды қажет етуі.

3.Анықталған кемшіліктерді жою бойынша нақты мерзімдер мен жауапты тұлғалардың белгіленбеуі.

**ШЕШІМ:**

**1** Балалрдың жазғы сауықтыру кезеңіндегі қауіпсіздігі тұрақты бақылауда болсын.

**2** Қамқоршылық кеңесінің қаражаты бөбекжайдің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталсын.

**3.**Қамқоршылық кеңес анықтаған кемшіліктер бөбекжай әкімшілігінің назарына алынсын.

**Төрайым:** **/Нильдибаева Р.Н./**

**Хатшы:** **/Мақтабек Ш.Т./**